

**"Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 12 қыркүйектегі № 541 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 290 Жарлығымен

Қазақстан Республикасы Президенті  
мен Үкіметі актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 31.07.2023 № 290 Жарлығымен.**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 17, 212-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының және Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын немесе оның келісуімен тағайындалатын, оның ұсынуы бойынша сайланатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша тағайындалатын өзге де лауазымды тұлғалардың тізбесінде:

мына:

"

|   |                 |  |                   |
|---|-----------------|--|-------------------|
| Әділет министрлігі "Сот сараптамасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің директоры | Әділет министрі |  | Әкімшілік Басшысы |
|---|-----------------|--|-------------------|

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

|  |                 |  |                   |
|--|-----------------|--|-------------------|
| "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры | Әділет министрі |  | Әкімшілік Басшысы |
|--|-----------------|--|-------------------|

"

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси қызметшілері мен өзге де лауазымды тұлғаларын келісу, қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібі туралы ережеде:

19-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры;" .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н.Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК